Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті арасындағы өзара ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

Осы өзара ынтымақтастық туралы Меморандум Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК директорының міндетін атқарушы Шер Раиса Петровна және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Лепеха Игорь Владимирович екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады, балалардың бос уақытын қосымша біліммен қамтуды ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алу мәселелері бойынша әрі қарай өзара ынтымақтастық туралы келісім беріп келесіні атап айтады.

Тараптар балалардың бос уақытын қосымша білім берумен қамтуда, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алуда келесі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады:

- аталған салада зерттеушілік және аналитикалық ақпарат алмасу үшін жағдай жасау;
- Тараптар өкілдерді жұмылдырып бірлескен жиналыстар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге қатысу;
- жалпы орта білім және балаларға қосымша білім беретін ұйымдарға өз құзыреті аясында көмек көрсету;
- тараптардың өткізетін тақырыптық іс-шаралар, сондай-ақ үшінші жақтың өткізуімен екі тараптың бірі қатысатын іс-шаралар туралы ақпараттар алмасу;
- педагогтерге және полиция мектеп инспекторларына арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізуде ықпал көрсету.

Осы Меморандумдағы ережелерді орындауға қатысты сұрақтар бойынша кез келген сұраныстарға қатысты Тараптар кеңестер жүргізеді.

Осы Меморандумдағы өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың өкілдерінің қолымен жазбаша түрде ресімделеді және Меморандумның бір бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум екі Тараптың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді де тараптардың бірдей келісім немесе бір тараптың өтінімі бойынша 30 күн бұрын алдын ала ескертіп оны бұзған күнге дейін күші бар.

ҚР БжҒМ-нің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті балалардың бос уақыттарын қосымша білім берумен қамтуды ұйымдастырудағы, кәмелетке толмағандар арасындағы

құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оның алдын алудағы өнімді ынтымақтастық бойынша жоғарыда көрсетілген іскерлік ынтымақтастық міндеттерді өздеріне алғандарын растайды.

Осы Меморандум 2015 жылғы 6 ақпанда Астана қаласында екі Тарапқа бір данадан, қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңдық күші бар екі данада жасалды.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
Республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорын

_____ Р. Шер

«_9_» _ақпан_ 2015 жыл

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігінің Әкімшілік полиция
комитеті

_____ И. Лепеха

«_9_» _02_ 2015 жыл